

## Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір қайта құрулар туралы

Алматы облысы мәслихатының 2013 жылғы 24 шілдедегі N 20-128 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 шілдедегі N 205 қаулысы. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 30 шілдеде N 2417 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес, аудандық, қалалық өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Алматы облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының Жансүгіров, Матай, Молалы кенттері - Жансүгіров, Матай, Молалы ауылдары, Жамбыл ауданының Үлкен кенті - Үлкен ауылы, Кербұлақ ауданының Сарыөзек кенті - Сарыөзек ауылы, Көксу ауданының Балпық би кенті - Балпық би ауылы, Райымбек ауданының Тұйық кенті - Тұйық ауылы, Сарқан ауданының Лепсі кенті - Лепсі ауылы, Текелі қаласының Рудничный кенті - Рудничный а у ы л ы б о л ы п қ а й т а құ р ы л с ы н .

2. Ақсу ауданының Жансүгіров, Матай, Молалы кенттік округтері - Жансүгіров, Матай, Молалы ауылдық округтері, Алакөл ауданының Достық кенттік округі - Достық ауылдық округі, Ескелді ауданының Қарабұлақ кенттік округі - Қарабұлақ ауылдық округі, Жамбыл ауданының Үлкен кенттік округі - Үлкен ауылдық округі, Іле ауданының Энергетический, Первомай кенттік округтері - Энергетический, Первомай ауылдық округтері, Кербұлақ ауданының Сарыөзек кенттік округі - Сарыөзек ауылдық округі, Көксу ауданының Балпық кенттік округі - Балпық ауылдық округі, Райымбек ауданының Тұйық кенттік округі - Тұйық ауылдық округі, Сарқан ауданының Лепсі кенттік округі - Лепсі ауылдық округі, Текелі қаласының Рудничный кенттік округі - Рудничный ауылдық округі б о л ы п қ а й т а құ р ы л с ы н .

3. Іле ауданының Боралдай кенттік округі - Боралдай кенті болып қайта құрылсын.

4. Алматы облысының статистика департаменті (Бегім Төлепбаев) облыс елді мекендерінің есебі мен тіркеуіне тиісті өзгерістер енгізсін (келісім бойынша).

5. Осы шешім мен қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Аамандық Ғаббасұлы Баталовқа жүктелсін.

6. Осы бірлескен Алматы облысы мәслихатының шешімі мен Алматы облысы

әкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>міндетін атқарушы</i>	<i>А л м а т ы</i>	<i>о б л ы с ы</i>	<i>ә к і м і н і ң</i>
	<i>А. Баталов</i>		
<i>сессиясының хатшысы</i>		<i>О б л ы с т ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
	<i>Е. Келемсейіт</i>		
<i>хатшысы</i>		<i>О б л ы с т ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
	<i>Ж. Құлахметова</i>		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК